Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығының
2023-2024 оқу жылында атқарылған іс - шаралар туралы есебі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, “2023 -2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу - тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы” әдістемелік нұсқау хатын, Ақтөбе облысының білім басқармасының №2/4423 хаты, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №03/2181 хатының негізінде Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрлігінің тапсырмасымен ағымдағы оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында жалпы білім беретін мектептерде ата - аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мақсатында “№19 орта мектеп” КММ-де “Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығын” құру туралы мектепішілік №87/11.10.2023 ж. бұйрық шығарылып, жоспары бекітілді.

19 қазан 2023 жылы - “Мерейлі отбасы” гран при иегері, “Қазақстан Республикасының құрметті азаматы, “Патриоттық белсенділер” медалінің иегері, “Елеулі еңбек” медалінің иегері ” - Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкірқызымен кездесу өтті. Кездесу барысында Бибігүл Әбдішүкірқызы ұлттық құндылықтарға негізделген отбасы тәрбиесінің маңызы туралы келелі ойлар қозғады. Бала мен ата - ана қарым - қатынасында көңіл бөлетін мәселелер туралы құнды пікірлер айтып, өзара пікір алмасты. Кездесуге келген ата-аналар Бибігүл апайдың ақ батасын алып, ризашылықтарын білдірді.

https://www.instagram.com/p/CylXwiPMoal/?igsh=dnY1a3EzOTZmdGww

10.11.2023 жылы - 5 сынып оқушыларының ата - аналарына арналған “5-ші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі барысында ата - аналарды пдегогикалық-психологиялық қолдау” тақырыбында мектеп психологі І.Б.Хамова тренинг-сабақ өткізілді. Мақсаты: ата-ана бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, оқушылардың орта буынға сәтті бейімдеуде ата - ананың рөлін айқындау.

20 қараша 2023 жылы - Даналық мектебінің жоспарына аясында “Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиет” тақырыбында 69 сынып оқушылары мен ата-аналары, әжелер мен аталарының қатысуымен сынып жетешілері Ж.Д.Дәулетова, Ж.С.Альжанова, А.С.Садированың ұйымдастыруымен салт-дәстүрге байланысты шара өткізді. Шара мақсаты: білім алушыларға ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылығын дәріптеу. Шара барысында - салт-дәстүрлерден көріністер көрсетіліп, сұрақтар қойылып, ән-жырлар шырқалды. Шара соңында “Батаменен ел көгерер” дегендей атамыз ақ батасын берді.

https://www.instagram.com/reel/C0MR7cIMk1c/?igsh=eXJtdXhkbTY3ZXNz

22 қараша 2023 жылы - даналық мектебі клубының жоспары аясында “Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі” тақырыбында 13 дүркін Әлем чемпионы Гір тасын көтеру спортының чемпионы мектебіміздің түлегі Гончароа Евгений Владимировичпен кездесу өтті. Кездесу барысында қонағымыз өмірбаянын баяндап, жеңіске жетудің нақты қадамжарымен бөлісті. Оқушыларымыз кездесуден керемет әсер алып, нағыз ер жігітке тән жігерлік, төзімділік мінездің, спортқа жақын болу керек екенін түсінді. Кездесу соңында келген қонақтарымыз болашақта оқушыларымыз осындай жоғары дәрежеге жетіп, әлемге танылған спортшылармыздан үлгі алуға шақырды.

https://www.instagram.com/reel/Cz8MzE7sTuK/?igsh=MXB1Y3o2NXRhNjBobw==

1 желтоқсан 2023 жылы - “Ата - аналарды пежагогикалық қолдау орталығы” кабинеті салтанатты түрде ашылды. Жалпы орталықтың **Мақсаты:** Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Міндеті: ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

Қатысқан қонақтар: Қалалық білім бөлімінің маманы, қамқоршылық кеңес мүшелері, ардагер ұстаздар, ата - аналар, №24 ЛГМ директоры, тәрбие орынбасары, №4 орта мектебінің тәрбие орынбасары.

Шара барысында мектеп директоры Ж.М.Шабаров кабинеттің “Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы” жұмысымен таныстырды.

https://www.instagram.com/reel/C0TpxySsQXq/?igsh=MWo5a3U0aXl3eWh3cg==

18 қаңтар 2024 жылы - 1 сынып оқушыларының ата - аналарына “Әрбір бала - жарық жұлдыз” тақырыбында мектеп психологтары І.Б.Хамитова, Ш.Т.Ахмет тренинг өткізді.

Тренинг мақсаты: бірінші сынып ата - аналарына педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету. Тренинг барысында ата-ана мен бала қарым-қатынаы, 1-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі, жас ерекшелік пен баланың дамуы бойынша тақырыптар қозғалып, ата - аналарға қажетті ақпарат-кеңестер айтылып, видеороликтерлер көрсетіліп және қызықты ойын жаттығулары ұйымдастырылды.

19 қаңтар 2024 жылы - ата - аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау орталығының жоспары аясында түзету класының ата-аналарына мектеп психологі Е.С.Божко “Влияние семьи на благополучное психологическое состояние подростков” тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында психолог ата - аналарға қиын жағдайдан қалай шығу керек екені туралы өмірмен байланысты ситуациялық жағдайлармен түсіндірді.